

2022 - 2024 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 104/9 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 желтоқсанда № 25797 болып тіркелді.

Ескерту. 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 16-тармағымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 75-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабы 4-тармағына сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2022 жылға арналған келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 417341701 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 49060436 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 3880674 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 862 мың теңге;

трансферттер түсімі – 364399729 мың теңге;

2) шығындар – 421650957 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – -6425388 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 7670234 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 14095622 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 766021 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 844684 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 78663 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 1350111 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – -1350111 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 04.11.2022 № 200/17 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне салықтан түскен түсімдердің жалпы сомасын 2022 жылға келесі мөлшерлерде үлестіру белгіленсін:

1) ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша:

Аққулы, Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Май, Павлодар, Тереңкөл, Успен, Шарбақты аудандарына - – 100 пайыз, Ақсу қаласына – 76 пайыз, Павлодар қаласына – 69 пайыз, Екібастұз қаласына – 68 пайыз, Железин ауданына – 50 пайыз;

2) бірыңғай жиынтық төлемді төлеген жеке тұлғалардан жеке табыс салығын қоса алғанда, төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан жеке табыс салығы бойынша:

Аққулы, Ақтоғай, Баянауыл, Железин, Ертіс, Май, Павлодар, Тереңкөл, Успен, Шарбақты аудандарына, Ақсу, Павлодар, Екібастұз қалаларына – 100 пайыз;

3) төлем көзінен салық салынатын табыстардан және шетел азаматтарының төлем көзінен салық салынбайтын табыстарынан жеке табыс салығы бойынша:

Аққулы, Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Май, Павлодар, Тереңкөл, Успен, Шарбақты аудандарына – 100 пайыз, Ақсу қаласына – 89 пайыз, Павлодар қаласына – 66 пайыз, Екібастұз қаласына – 43 пайыз, Железин ауданына – 61 пайыз;

4) әлеуметтік салық бойынша:

Аққулы, Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Май, Павлодар, Тереңкөл, Успен, Шарбақты аудандарына – 100 пайыз, Ақсу қаласына – 89 пайыз, Павлодар қаласына – 66 пайыз, Екібастұз қаласына – 43 пайыз, Железин ауданына – 61 пайыз;

5) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары бойынша;

Аққулы, Ақтоғай, Баянауыл, Железин, Май, Павлодар, Успен, Шарбақты аудандарына, Ақсу, Павлодар, Екібастұз қалаларына – 100 пайыз.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 04.11.2022 № 200/17 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден облыстық бюджетке салықтардан түскен түсімдердің жалпы сомасын 2022 жылға келесі мөлшерлерде үлестіру белгіленсін:

1) ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша:

Железин аудандық бюджетінен – 50 пайыз, Ақсу – 24 пайыз, Павлодар – 31 пайыз, Екібастұз қалаларынан – 32 пайыз;

2) төлем көзінен салық салынатын табыстардан және шетел азаматтарының төлем көзінен салық салынбайтын табыстарынан жеке табыс салығы бойынша:

Железин аудандық бюджетінен – 39 пайыз, Ақсу – 11 пайыз, Павлодар – 34 пайыз, Екібастұз қалаларынан – 57 пайыз;

3) әлеуметтік салық бойынша:

Железин аудандық бюджетінен – 39 пайыз, Ақсу – 11 пайыз, Павлодар – 34 пайыз, Екібастұз қалаларынан – 57 пайыз.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 04.11.2022 № 200/17 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте қалалық бюджеттерден облыстық бюджетке жалпы 50594450 мың теңге сомада бюджеттік алымдар ескерілсін, соның ішінде:

Павлодар 48031164 мың теңге;

Екібастұз 2563286 мың теңге;

5. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне облыстық бюджеттен берілетін субвенциялардың көлемі жалпы 40144930 мың теңге сомада ескерілсін, соның ішінде:

Аққулы - 3667516 мың теңге;

Ақтоғай - 3682390 мың теңге;

Баянауыл - 4698397 мың теңге;

Железин - 3831083 мың теңге;

Ертіс - 4295538 мың теңге;

Май - 2821680 мың теңге;

Павлодар - 4377614 мың теңге;

Тереккөл - 4384368 мың теңге;

Успен - 3040780 мың теңге;

Шарбақты - 4036941 мың теңге;

Ақсу қаласы - 1308623 мың теңге.

6. 2022 жылға арналған жергілікті бюджеттің атқарылу үдерісінде секвестрге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттер келесі мөлшерлерде қарастырылғаны ескерілсін:

119854 мың теңге – еңбек нарығын дамытуға;

244706 мың теңге – мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

2407023 мың теңге – көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға

;

589008 мың теңге – елді мекендердің көшелеріне орташа жөндеу жүргізуге;

381568 мың теңге – "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

445499 мың теңге – абаттандыру бойынша іс-шараларды жүргізуге;

67717 мың теңге – коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды өткізуге;
271058 мың теңге – мәдениет саласындағы күрделі сипаттағы шығыстарға;
678942 мың теңге – мектеп жасындағы балалардың тегін жол жүруін өтеуге.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 04.11.2022 № 200/17 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттері келесі мөлшерлерде қарастырылғаны ескерілсін:

213835 мың теңге – "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;

912027 мың теңге – ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін дамытуға;

2225216 мың теңге – сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға;

1913007 мың теңге – коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін салуға немесе реконструкциялауға;

74541 мың теңге – Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамытуға;

22222 мың теңге – моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға;

354115 мың теңге – табиғат қорғау іс-шараларын іске асыруға;

241850 мың теңге – "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға;

475856 мың теңге – мәдениет объектілерін дамытуға;

259289 мың теңге – спорт объектілерін дамытуға;

200000 мың теңге – коммуналдық шаруашылықты дамытуға;

504086 мың теңге – жылу-энергетикалық жүйені дамытуға.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 04.11.2022 № 200/17 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне облыстық бағдарламалар бойынша берілетін жоғары тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттердің көлемі 2022 жылға келесі мөлшерлерде белгіленсін:

1592076 мың теңге – азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

430880 мың теңге – мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге;

1008208 мың теңге – мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелердің, үйде қызмет көрсету,

уақытша болу ұйымдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге;

315269 мың теңге – үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

1266654 мың теңге – мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

4516827 мың теңге – еңбек нарығын дамытуға;

21737 мың теңге – мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

1778435 мың теңге – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

5164542 мың теңге – көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға

;

2612664 мың теңге – "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

25239 мың теңге – қалалық және аудандық мәслихаттардың депутаттарын оқытуға.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 04.11.2022 № 200/17 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттеріне облыстық бағдарламалар бойынша берілетін жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттерінің көлемі 2022 жылға келесі мөлшерлерде белгіленсін:

1561840 мың теңге – "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;

6409214 мың теңге – ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін дамытуға;

8145772 мың теңге – сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға;

1281577 мың теңге – коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға немесе реконструкциялауға;

1127125 мың теңге – инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға немесе жайластыруға;

1678060 мың теңге – Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамытуға;

3130443 мың теңге – моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға;

2409803 мың теңге – "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 04.11.2022 № 200/17 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне кредит беру келесі мөлшерлерде көзделсін:

5036769 мың теңге – тұрғын үй жобалауға немесе салуға;
1199165 мың теңге – мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін;
99050 мың теңге – кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге;
39354 мың теңге – Жұмыспен қамту жол картасының шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 14.04.2022 № 138/12 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы трансферттердің және бюджеттік кредиттердің көрсетілген сомасын үлестіру облыс әкімдігінің қаулысы негізінде анықталады.

13. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден облыстық бюджетке 2022 жылға арналған трансферттердің түсімдері көзделсін:

Павлодар қаласынан бензинге және дизель отынына акциздер мөлшерлемесінің ұлғаюына – 55513555 мың теңге;

функциялардың берілуіне байланысты:

білім беру саласында – 67313575 мың теңге;

спорт саласында – 2220401 мың теңге;

ветеринария саласында – 994451 мың теңге.

Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден берілетін трансферттердің көрсетілген сомаларының облыстық бюджетке түсімдері облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 22.06.2022 № 164/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2022 жылға арналған резерві 753972 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 16.09.2022 № 195/16 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға, сондай-ақ облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер қарастырылсын.

16. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облыстық мәслихатының хатшысы

Е. Айткенов

Павлодар облыстық

2022 жылға арналған облыстық бюджет (өзгерістермен)

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 04.11.2022 № 200/17 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

| Санаты | | | | |
|--------|--------------|-------------|------------------------------------------------------------------------|-------------|
| | Сыныбы Атауы | | | Сомасы |
| | | Кіші сыныбы | | (мың теңге) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | 1. Кірістер | 417 341 701 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 49 060 436 |
| | 01 | | Табыс салығы | 22 755 188 |
| | | 1 | Корпоративтік табыс салығы | 7 067 646 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 15 687 542 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 12 020 594 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 12 020 594 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 14 284 654 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 14 259 654 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 25 000 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 3 880 674 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 2 136 442 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 180 000 |
| | | 4 | Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер | 5 928 |

| | | | | |
|--|----|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 130 134 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 1 820 380 |
| | 02 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 4 100 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 4 100 |
| | 03 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 68 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 68 |
| | | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын | |

| | | | | |
|---|----|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | 04 | | н, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 1 340 064 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 1 340 064 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 400 000 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 400 000 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 862 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 862 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|----|---|------------------------------------------------------------------------|-------------|
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 862 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 364 399 729 |
| | 01 | | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер | 179 713 479 |
| | | 2 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер | 179 713 479 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 184 686 250 |
| | | 1 | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 184 686 250 |

| Функционалдык топ | | | | | |
|-------------------------------------|---|-----|---|-------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
| Кіші функция Атауы | | | | | Сомасы |
| Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | | | (мың теңге) |
| Бағдарлама | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | 2. Шығындар | 421 650 957 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер | 4 963 786 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 2 939 035 |
| | | 110 | | Облыс мәслихатының аппараты | 157 272 |

| | | | | | |
|--|--|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 120 234 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 557 |
| | | | 005 | Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру | 10 242 |
| | | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 25 239 |
| | | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 2 246 457 |
| | | | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 2 037 419 |
| | | | 007 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 2 948 |
| | | | 009 | Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу | 206 090 |
| | | 282 | | Облыстың тексеру комиссиясы | 291 403 |
| | | | | Облыстың тексеру | |

| | | | | | |
|---|--|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
| | | | 001 | комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 291 403 |
| | | 747 | | Облыстың ақпарат және қоғамдық даму басқармасы | 243 903 |
| | | | 075 | Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 243 903 |
| 2 | | | | Қаржылық қызмет | 900 518 |
| | | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 802 311 |
| | | | 001 | Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 256 397 |
| | | | 009 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 19 432 |
| | | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 526 482 |
| | | 718 | | Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы | 98 207 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|--|---|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 98 207 |
| | 5 | | | Жоспарлау және статистикалық қызмет | 340 651 |
| | | 258 | | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы | 340 651 |
| | | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 333 901 |
| | | | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 950 |
| | | | 061 | Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау | 4 800 |
| | 9 | | | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер | 783 582 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
| | | 269 | | Облыстың дін істері басқармасы | 175 697 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 80 144 |
| | | | 004 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 9 846 |
| | | | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 85 707 |
| | | 700 | | Облыстың жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы | 607 885 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 203 422 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 50 348 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін | 354 115 |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
| | | | | нысаналы даму трансферттері | |
| 02 | | | | Қорғаныс | 959 429 |
| | 1 | | | Әскери мұқтаждар | 70 427 |
| | | 736 | | Облыстың жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасы | 70 427 |
| | | | 003 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 64 860 |
| | | | 007 | Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы | 5 567 |
| | 2 | | | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | 889 002 |
| | | 271 | | Облыстың құрылыс басқармасы | 900 |
| | | | 002 | Жұмылдыру дайындығы мен төтенше жағдайлардың объектілерін дамыту | 900 |
| | | 287 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырыл атын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың | 533 263 |

| | | | | | |
|----|--|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | | аумақтық органы | |
| | | | 002 | Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары | 494 581 |
| | | | 004 | Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 38 682 |
| | | 736 | | Облыстың жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасы | 354 839 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 73 171 |
| | | | 005 | Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру | 258 428 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 23 240 |
| 03 | | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 8 523 644 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
| | 1 | | | Құқық қорғау қызметі | 8 523 644 |
| | | 252 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 8 523 644 |
| | | | 001 | Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 8 468 956 |
| | | | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу | 6 900 |
| | | | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 47 788 |
| 04 | | | | Білім беру | 163 422 121 |
| | 1 | | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 23 011 876 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 22 862 899 |
| | | | 081 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту | 2 537 350 |
| | | | 200 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру | 110 244 |

| | | | | | |
|--|---|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
| | | | 202 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 20 215 305 |
| | | 271 | | Облыстың құрылыс басқармасы | 148 977 |
| | | | 037 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау | 148 977 |
| | 2 | | | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру | 111 663 154 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 102 484 444 |
| | | | 003 | Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 2 476 862 |
| | | | 006 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 5 715 683 |
| | | | 055 | Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру | 4 904 503 |
| | | | 082 | Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру | 59 442 592 |
| | | | | Ауылдық жерлерде оқушыларды | |

| | | | | | |
|---|---|-----|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| | | | 083 | жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру | 248 934 |
| | | | 203 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға | 29 695 870 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | 271 | | Облыстың құрылыс басқармасы | 1 703 833 |
| | | | 069 | Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 10 000 |
| | | | 086 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 1 693 833 |
| | | 285 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 7 474 877 |
| | | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 6 586 528 |
| | | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 888 349 |
| | | | | Техникалық және кәсіптік, | |

| | | | | |
|---|--|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 4 | | | орта білімнен кейінгі білім беру | 12 284 012 |
| | | 253 | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 567 587 |
| | | | 043 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 567 587 |
| | | 261 | Облыстың білім басқармасы | 11 317 559 |
| | | | 024 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 11 197 525 |
| | | | 025 Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 120 034 |
| | | 271 | Облыстың құрылыс басқармасы | 398 866 |
| | | | 099 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 398 866 |
| 5 | | | Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру | 2 271 519 |
| | | 120 | Облыс әкімінің аппараты | 9 342 |
| | | | 019 Сайлау процесіне | 9 342 |

| | | | | | |
|--|---|-----|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | | қатысушыларды оқыту | |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 24 284 |
| | | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 24 284 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 2 237 893 |
| | | | 052 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау | 2 237 893 |
| | 6 | | | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру | 555 192 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 483 303 |
| | | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 483 303 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 71 889 |
| | | | | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі | |

| | | | | | |
|--|---|-----|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| | | | 057 | бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 71 889 |
| | 9 | | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер | 13 636 368 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 13 636 368 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 875 900 |
| | | | 004 | Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру | 74 993 |
| | | | 005 | Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 1 149 341 |
| | | | 007 | Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу | 278 775 |
| | | | 011 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-пе | 463 154 |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | | дагогикалық консультациялы қ көмек көрсету | |
| | | | 019 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру | 48 000 |
| | | | 029 | Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу | 1 289 996 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 9 053 593 |
| | | | 086 | Жетім баланы (жетім балаларды) ж әне ата-анасының қамқорлығынсы з қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін | 5 519 |
| | | | 087 | Жетім баланы (жетім балаларды) ж әне ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға | 397 097 |
| 05 | | | | Денсаулық сақтау | 9 072 883 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | 2 | | | Халықтың денсаулығын қорғау | 4 084 273 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 3 217 451 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|--|--|-----|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 283 141 |
| | | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 23 916 |
| | | | 041 | Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету | 1 656 249 |
| | | | 042 | Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу | 321 |
| | | | 050 | Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу | 1 253 824 |
| | | 271 | | Облыстың құрылыс басқармасы | 866 822 |
| | | | 038 | Деңсаулық сақтау объектілерін | 866 822 |

| | | | | | |
|--|---|-----|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | | салу және реконструкциялау | |
| | 3 | | | Мамандандырылған медициналық көмек | 2 010 192 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 2 010 192 |
| | | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 2 010 192 |
| | 4 | | | Емханалар | 37 692 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 37 692 |
| | | | 039 | Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық -емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі | 37 692 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|--|---|-----|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | 5 | | | Медициналық көмектің басқа түрлері | 120 214 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 120 214 |
| | | | 029 | Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары | 120 214 |
| | 9 | | | Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер | 2 820 512 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 2 820 512 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 268 997 |
| | | | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 221 113 |
| | | | 016 | Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 8 846 |
| | | | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 27 545 |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| | | | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 2 294 011 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 16 201 472 |
| | 1 | | | Әлеуметтік қамсыздандыру | 6 124 781 |
| | | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 4 632 721 |
| | | | 002 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 1 092 687 |
| | | | 012 | Тірек-қозғалу аппаратының қызметі бұзылған балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 329 288 |

| | | | | | |
|---|---|---|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | | орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | |
| | | | 013 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 2 386 095 |
| | | | 014 | Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 489 298 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік | |

| | | | | | |
|---|--|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | 015 | қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 335 353 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 1 488 560 |
| | | | 015 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 1 354 415 |
| | | | 092 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу | 134 145 |
| | | 271 | | Облыстың құрылыс басқармасы | 3 500 |
| | | | 039 | Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау | 3 500 |
| 2 | | | | Әлеуметтік көмек | 1 100 |
| | | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 1 100 |
| | | | 003 | Мүгедектерге әлеуметтік қолдау | 1 100 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|--|---|-----|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| | 9 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 10 075 591 |
| | | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 9 949 934 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 215 078 |
| | | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 43 |
| | | | 018 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 96 504 |
| | | | 044 | Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру | 16 490 |
| | | | | Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын | |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| | | | 053 | ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету | 121 380 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 64 249 |
| | | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 9 436 190 |
| | | 297 | | Облыстың еңбек басқармасы | 125 657 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер | 125 657 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 23 366 831 |
| | 1 | | | Тұрғын үй шаруашылығы | 6 000 |
| | | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 6 000 |
| | | | 054 | Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азамматардың жекелеген санаттарына төлемдер | 6 000 |
| | 2 | | | Коммуналдық шаруашылық | 22 824 444 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|--|---|-----|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| | | 271 | | Облыстың құрылыс басқармасы | 592 892 |
| | | | 030 | Коммуналдық шаруашылығын дамыту | 592 892 |
| | | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 22 231 552 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 306 053 |
| | | | 032 | Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау | 321 081 |
| | | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 521 558 |
| | | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 21 082 860 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 536 387 |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------|------------|
| | | 700 | | Облыстың жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы | 536 387 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | 041 | Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу | 536 387 |
| 08 | | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 13 723 859 |
| | 1 | | | Мәдениет саласындағы қызмет | 2 765 006 |
| | | 748 | | Облыстың мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы | 2 765 006 |
| | | | 005 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 1 037 887 |
| | | | 007 | Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету | 595 728 |
| | | | 008 | Театр және музыка өнерін қолдау | 1 131 391 |
| | 2 | | | Спорт | 5 452 693 |
| | | 271 | | Облыстың құрылыс басқармасы | 40 410 |
| | | | 017 | Спорт объектілерін дамыту | 40 410 |
| | | 285 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 5 412 283 |
| | | | | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру | |

| | | | | | |
|--|---|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | 001 | және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 114 064 |
| | | | 002 | Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу | 90 575 |
| | | | 003 | Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы | 4 851 587 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 298 278 |
| | | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 57 779 |
| | 3 | | | Ақпараттық кеңістік | 2 207 392 |
| | | 271 | | Облыстың құрылыс басқармасы | 235 260 |
| | | | 018 | Мұрағат объектілерін дамыту | 235 260 |
| | | 743 | | Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы | 646 286 |
| | | | | Жергілікті деңгейде | |

| | | | | | |
|--|---|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
| | | | 001 | ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 646 286 |
| | | 747 | | Облыстың ақпарат және қоғамдық даму басқармасы | 675 574 |
| | | | 007 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 675 574 |
| | | 748 | | Облыстың мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы | 650 272 |
| | | | 002 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 49 695 |
| | | | 009 | Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 210 685 |
| | | | 010 | Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету | 389 892 |
| | 4 | | | Туризм | 33 208 |
| | | 266 | | Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық- инновациялық даму басқармасы | 33 208 |
| | | | 021 | Туристік қызметті реттеу | 29 043 |
| | | | | Туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциял | |

| | | | | | |
|--|---|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | 044 | ау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу | 4 165 |
| | 9 | | | Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер | 3 265 560 |
| | | 747 | | Облыстың ақпарат және қоғамдық даму басқармасы | 519 480 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ішкі, жастар саясаты мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 207 056 |
| | | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 274 765 |
| | | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 37 659 |
| | | 748 | | Облыстың мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы | 2 746 080 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 192 471 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен | 164 357 |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| | | | | ұйымдардың күрделі шығыстары | |
| | | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 2 389 252 |
| 09 | | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 49 664 |
| | 1 | | | Отын және энергетика | 49 664 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | 700 | | Облыстың жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы | 49 664 |
| | | | 081 | Елді мекендерді шаруашылық-ауыл сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу | 49 664 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 37 664 961 |
| | 1 | | | Ауыл шаруашылығы | 36 022 167 |
| | | 255 | | Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы | 33 687 250 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|--|--|--|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 206 202 |
| | | | 002 | Т ұ қ ы м шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 844 315 |
| | | | 006 | Б а с ы м дақылдардың өндірісін дамытуды субсидиялау | 1 328 160 |
| | | | 008 | Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау | 1 794 035 |
| | | | 014 | А у ы л шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау | 394 890 |
| | | | 018 | Пестицидтерді (у л ы химикаттарды) залалсыздандыру | 1 057 |
| | | | | А у ы л шаруашылық дақылдарының | |

| | | | | | |
|--|--|--|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| | | | 029 | зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар | 3 203 |
| | | | 045 | Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау | 42 856 |
| | | | 047 | Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау | 1 121 370 |
| | | | 050 | Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу | 11 423 457 |
| | | | 051 | Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау | 43 375 |
| | | | 053 | Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 8 424 134 |
| | | | 056 | Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде | 6 325 187 |

| | | | | | |
|--|--|-----|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | | сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау | |
| | | | 057 | Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау | 392 239 |
| | | | 077 | Ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялау | 1 342 770 |
| | | 719 | | Облыстың ветеринария басқармасы | 2 334 917 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 197 164 |
| | | | 008 | Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды | 17 857 |

| | | | | | |
|--|--|--|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| | | | | күтіп-ұстауды қамтамасыз ету | |
| | | | 009 | А у р у жануарларды санитариялық с о ю д ы ұйымдастыру | 3 109 |
| | | | 010 | Қаңғыбас иттер м е н мысықтарды аулауды және ж о ю д ы ұйымдастыру | 11 420 |
| | | | 011 | Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу | 83 003 |
